

МАЗМҰНЫ

Асан Ж.

Қыздар университеті – отандық жоғары білімнің қарашаңырағы (сұхбат) 3

Жұмабай М.

Өмірін өнермен өрнектеген..... 16

Аңызға айналған «Айгүл»..... 32

Исләмбек А.

Айгүл..... 37



ГЛУХАР АЛДАМБЕРГЕНОВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің ректоры

Қыздар университеті — отандық жоғары білімнің қарашаңырағы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті 75 жылға жуық уақыт белесінде Қазақстанда педагогикалық кадрлардың қалың шоғырын дайындауға сүбелі үлес қосып келе жатқан ұлағат ұясы. Отандық жоғары білім беру саласында өзіндік ерекшелігі бар дара оқу орнының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен болашағы жайында Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Жандар Асан университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері Гаухар Алдамбергеновамен сұхбаттасқан еді.


– Гаухар Төремұратқызы, алғашқы еңбек жолыңыздан бастап білім беру, ғылым саласында еселі еңбек етіп келесіз. Бүгінгі атқарып отырған қызметіңіздің жауапкершілік жүгінің зор екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық болар. Сіз басшылық жасайтын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – өзіндік ерекшелігі мен дара дәстүрі бар іргелі оқу орны. Әңгімеміздің әлқиссасын аталған білім ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігінен бастасақ.

– Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – еліміздегі бірден-бір тек қыздар оқитын жоғары оқу орны. Орта Азия аймағында мұндай оқу орны жоқ. Әлемде де саусақпен санарлықтай. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Тәңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі сөнбесін дейік» деген пайымы 75 жылға жуық тарихы бар университеттің өзіндік ерекшелігі мен маңызын айғақтап тұрғандай. Алдына қазіргі уақыт талабына толық жауап бере алатын педагог кадрларды даярлауды мақсат етіп қойған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті өзінің қызметін Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылымды дамыту жөніндегі» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүргізеді. Университеттің 6 факультетіндегі 28 кафедра 42 бакалавр мамандығы, 23 магистратура мамандығы және 4 PhD докторантура мамандығы бойынша мұғалімдер дайындайды. Сонымен қатар сырттай оқу бөлімінің студенттері 20 мамандық бойынша қашықтықтан оқыту технологиясын



пайдаланып, білім алады. Бүгінде оқу орнында жалпы саны 7 мыңға жуық студент, магистранттар мен докторанттар оқиды. Оларға 55 ғылым докторы, 230-дан астам ғылым кандидаты мен 90-ға жуық PhD докторы мен ғылым магистрі дәріс береді. Университеттің 38 ұстазы «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. Екінші дүниежүзілік соғыстың қиын-қыстау кезінде – 1944 жылы ашылған бұл бірегей білім ұясын осы жылдар аралығында мыңдаған түлек бітіріп шықты. Қазіргі күнде мұнда студенттердің сапалы білім алып, ғылыммен, өнермен, спортпен айналысуы үшін, олардың бойында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дарыту орайында бірқатар жұмыстар жасалып, университет отандық жоғары оқу орындары арасында үлкен беделге ие болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Қыздар университетінің өзге жоғары оқу орындарынан басты ерекшелігі ретінде білім беруде халқымыздың ұлттық құндылықтарын басшылыққа ала білуінде деп айтар едім. Қазақтың «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең – қызыңды тәрбиеле» деген сөзінің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Себебі, қыз – болашақ ана, қыз – отбасының ұйытқысы, қыз – асыл жар. Бүгінде ұрпақ тәрбиешісі ретінде әспеттелер болашақ мұғалімдерді ата-анасынан алған тәрбиесін оқу ордасындағы тәрбиемен шебер сабақтастыра білу кез келген білім ордасынан кездестіре білмейсіз. Ұжым өз қызметінде ғұлама ғалым әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген дана сөзін басты ұстаным ретінде пайдаланады.

– Гаухар ханым, халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік



белсенділіктері мен саяси ықпалдарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табуда. Еліміздің әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджін бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейту қажеттігі турасында сөз қозғалып келеді. Бұл тұрғыда Қыздар университетінде қандай жұмыстар атқарылуда?

– Университетте «Қазақ аруы» атты курс оқу үдерісіне енгізілген. Бүгінгі күннің талабына сай тұлғаны қалыптастырудың өлшемдері басқаша. Құндылықтар да өзгеріп барады. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қараған ләзім. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, перзенттерінің салиқалы анасы. Олардың бойында тағылымды тәрбие болғанын қалайтынымыз белгілі. Ұлт болашағын тәрбиелеуге сүбелі үлес қосатын болашақ мұғалімдердің сан қырлы болуына, олардың қоғамдағы әлеуметтік және отбасындағы этноәлеуметтік рөлдерді мүлтіксіз атқаруына себепкер болуына «Қазақ аруы» курсының тигізер септігі зор деп ойлаймын. Қазақстанда отбасы, әйел және бала мәселелері бойынша жеткілікті құқықтық негіз және қоғамның отбасы маңыздылығын, оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін түсіну қалыптасқан. Осы саясатты нығайту мақсатында университет жанында Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты қызмет атқарады. Осы таңда ғылыми орталық ТМД аймағында бірден-бір екенін ерекше атап өткім келеді. **Институттың стратегиялық мақсаты** – 2018-2021 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 70 сессиясында қабылдаған Тұрақты даму мақсатының «Барлық әйелдер мен қыз балалардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және құқықтары мен мүмкіншіліктер ауқымын кеңейту» туралы





5-ші мақсаты бойынша жүзеге асыру. Институт гендерлік теңдік идеясын дамытуды білікті педагог кадрларын дайындау және ғылыми-зерттеулер арқылы іске асырады. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты еліміздің эгалитарлы саясатын іске асырудағы шешуші орталық. Институт барлық әйелдер мен қыз балалардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және құқықтары мен мүмкіншіліктер ауқымын кеңейтуді негізге алған. Осы орайда ерекше атап өткім келеді, Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты 2019 жылы ЮНЕСКО деңгейінде халықаралық мәртебе алуды жоспарлап отыр.

– **Қыздар тәрбиесі турасында жақсы айтып өттіңіз. Расында да ұлттың болашағы, ұрпақтың келешегі – аруларымызға тікелей байланысты екендігі белгілі. Осы бағытта оқу орнында қандай игілікті істер атқарылып жатыр?**

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне келген сапарында: «Бір қызды тәрбиелеу – бір ұлтты тәрбиелеумен бірдей» деп атап өтіп, оқу орны ұжымының алдына нақты міндеттер қойған болатын. Осы орайда тағылымды тәрбие мен өрісті білімнің іргелі ордасы атанған, көзіқарақты зиялы қауым «ізеттілік пен үлгі-өнеге отауы» деп ат қойып, айдар таққан Қыздар университеті өз қызметінде қазақстандық патриотизмді, Елбасының «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын басты бағдар ретінде ұстайды. Еліміз тәуелсіздік алып, өркениетті мемлекеттер санатына қосылу жағдайында адамгершілік-этикалық идеялар көрініс алған қазақ халқының рухани-мәдениетін зерттеу, тәрбиедегі озық дәстүрлерін бүгінгі қоғам талабын ескере отырып зерделеу көкейтесті мәселенің бірі болып отыр. Бұл турасында Елбасы: «Арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды,

әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деп атап өткен болатын. Кейінгі жылдары қоғамда орын алып отырған келеңсіз жайттар мен оқыс оқиғалар, бүгінгі тәрбие саласындағы инновациялық көзқарасты педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиені, соның ішінде моральдық-этикалық тәрбиені дағдарысқа әкелуде. Бұл мәселенің шешімін, ғасырлар бойы өзінің көкейтестілігін жоғалтпаған, керісінше, әрбір қоғамдық формацияда болған өзгерістерге байланысты жетіліп отырған қазақ халқының озық моральдық-этикалық дәстүрлерінен іздестіру қажет. Өйткені, қазақ халқының озық этикалық дәстүрлерінің негізі болып қаланған гуманистік идеялар, адамгершіліктің басты құндылықтарымен байланысты және адамзат моралінің негіздерін мағыналы түрде жан-жақты меңгеруде, адамдар арасында таза адами қарым-қатынасты тәрбиелеуде жетекші құралдардың бірі болып табылады. Моральдық-этикалық дәстүрлерді халық даналығының негізгі бір көрінісі ретінде қабылдау бүгінгі білім





беру жүйесі үшін аса маңызды. Бұның, әсіресе болашақ мұғалімдер үшін пайдасы зор. Олай дейтініміз, оқушылардың моральдық-этикалық мәдени деңгейінің дұрыс қалыптасуы мұғалімнің тұлғалық адамгершілікті моральдық-этикалық қасиеттеріне, осы бағытта меңгерген тарихи-теориялық, практикалық, білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады. Нәтижесінде бұның барлығы қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесіндегі озық дәстүрлерін зерделеуге бағыттайды. Бүгінгі өзгерістер – әлем тарихында болмаған жаңа мүмкіндіктер мен жаңашылдықтар дәуірі. Бұл тұрғыда Қыздар университетінде заман көшіне ілесу мақсатында жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Түрлі тағылымға толы іс-шаралар арқылы қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін дәріптеп, қаракөз қыздарды құндылықтар мен ізгі қасиеттерге баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын тұлға, қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын ұстаз маман дайындауды мақсат етіп келеміз. Қазіргі күнде оқу орнында болашақ мамандарды тәрбиелеу мақсатында 38 түрлі ұйым қызмет атқарады. Қаракөз студенттеріміз университет қабырғасында білім нәрімен сусындап қана қоймай, рухани құндылықтарды сақтай отырып, қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жұмыстарына, қоғамдық акциялар мен қайырымдылық акцияларына белсене қатысып отырады. Болашақ әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, дефектологтар, музыкалық білім беру мұғалімдері Алматы қаласындағы Аналар үйлерінде жүйелі түрде ақысыз негізде қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орны студенттерінің бастамасымен қайырымдылық жәрмеңкелері тұрақты түрде ұйымдастырылады. Іс-шараның басты мақсаты – университет ұжымы мен студенттерінің санасына мейірімділік, сүйіспеншілік, қайырымдылық сияқты ізгі ұғымдарды қалыптастыру. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен жеткіншектерге көмек көрсету, оларды рухани тұрғыда қолдап-қуаттау. Дана халқымызда «қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген ұлағатты сөз бар. Қайырымдылық – ұлтымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей Қыздар университетінің студенттерінің көмекке мұқтаж жарымжан азаматтарға қамқорлық көрсетіп, жүрек жылуын ұсынуы һәм сауабы

мол іске атсалысуы – көпке үлгі болатын игілікті іс деп білеміз. Әлеуметтік әділдік, теңдік, өзара сыйластық пен қамқорлық туралы ниетті тек қана мемлекет емес, азаматтық ортаның өзінің көтеруі – қоғамымыздың кемелденгенін, жаңғырғанын көрсетеді. «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасын қолдау мақсатында университет ғалымдары мен студенттері арша, емен, акация ағаштары өскіндерін арнайы зертхана жағдайында ең тиімді әдістермен өсіріп, Медеу шатқалына отырғызуда. Іле Алатауы табиғи жүйесін қайта қалпына келтіру мақсатында 350 түп арша, 250 түп акация мен 150 түп емен отырғызылды. Сондай-ақ, «100 мектеп» бағдарламасы аясында салынған мектептер аумағына 200-ге жуық түп арша, емен отырғызылды. Бұның барлығы адамгершілік қағидаттарынан туындаған игілікті істер екені рас.

– Тәуелсіздік жылдарында да отандық білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңашылдықтар орын алып, реформалар табысты жүзеге асырылуда. Ғасырға жуық уақыт мерзімінде мұғалім мамандарын, ұстаздарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды сәтті жүзеге асырып келе жатқан оқу орнының бұл орайдағы рөлі қандай болмақ?

– Қазақстан өркениетке қарай өнегелі жолмен дамудың жаңа өнеркәсіптік кезеңіне қадам басты. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында білім берудің жаңа сапасына көтеретін жаңғырудың негізі ретіндегі адам капиталы болатынын атап көрсетті. Сонымен қатар, стратегиялық құжатта білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиістігін және білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру қажеттігін міндеттеді. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау керектігін де алға тартып отыр. Осы межелерді орындау барысында еліміздегі орта мен жоғары білім беру жүйесінде бірқатар стратегиялық міндеттер қолға алынды. Атап айтқанда, шағын жинақты мектеп мәселесі, критериялы бағалау жүйесінің тиімділігі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне «өмір бойы білім алу» қағидасының қолжетімділігін арттыру сынды басымдықтар бар. Біздің ойымызша, аталған міндеттерді жоғары дәрежеде орындау үшін мұғалімнің мәртебесін көтере түсу керек. Бұл осы аталған міндеттердің орнықты іске асуына ұйытқы болмақ. Сондай-ақ, педагогтардың кәсіби біліктілігін заманауи технологиялар арқылы көтеруге де басты назар аударған абзал. Білікті, білімді кадрлар даярлауда және технологиялық дамыған елдердегі ғылыми жұмыстар жүйесінде жоғары оқу орындарының үлкен маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ғылым мен білімді өзара үйлестіріп, ғылыми зерттеу жұмыстарын ғылым мен технологияның жаңа нысандарына бағыттап жүргізуді басты мақсат етіп келе жатқанын атап өткім келеді. Білім мен ғылымды дамыту және қыздарға педагогикалық білім беру, белсенді азаматтық ұстанымы бар мамандар даярлау басты миссиясы болып табылатын оқу орнында өткізілетін халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялар, жүзеге асып жатқан түрлі жобалар саладағы мәселелерді шетелдік әріптестермен бірлесе шешіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. 70-жылдан астам уақыт белесінде Қыздар университетінде ұйымдастыру мәдениеті қалыптасып, тиімді

кадрлық менеджмент пен корпоративті басқару ісі жүйеленді. Нағыз ұстаз шәкірт жанына үңіліп, дұрыс жолға сала білуі де қажет. Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпағымен кеңеймек. Өскелең жасты еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен мұғалімге байланысты. Ал, осы жауапкершілікті абыроймен атқару ардақты ұстаздарға жүктелген мәртебелі міндет. 75-ші оқу жылын өткеріп отырған Қыздар университеті кемел келешекке осындай айқын мақсат қойып отыр.

– **Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғамда үлкен серпіліс тудырды. Осы бағдарлама аясында оқу орнында қандай іс-шаралар атқарылуда?**

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көтерілген көкейкесті мәселенің бірі һәм бірегейі – латын әліпбиіне көшу. Бұл – жаңа өмірге, соны кеңістікке бастар баспалдақ, өскелең ұрпақтың ой-өрісі мен дүниетанымының тереңдей түсуіне негізгі алғышарт. Осы орайда биылғы жылдың маусым айында Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен Қыздар университетінің базасында Қазақ алфавитін латын графикасына көшіру жөніндегі орталық ашылды. Орталықта университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі бойынша оқып, жазуды меңгереді. Сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және жетілдіруге бағытталған қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларын жүргізу жоспарланып отыр. Бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейтін орталыққа білікті тіл мамандары жұмылдырылған. Олар жаңа әліпбидің орфографиясы мен орфоэпиясын қалыптастыру бағытында арнайы сабақтар мен курстар өткізеді. Жаңа әліпби бойынша оқу-әдістемелік кешен жасалып, алдағы уақытта арнайы оқу құралдары да жарық көрмек. Қазіргі күнде оның арнайы тұжырымдамасы бекітіліп, негізгі басым



бағыттары түзілген. Орталықтың ашылу рәсімінде Қыздар университетінің ғалымдары құрастырған латын графикасын үйретуге арналған арнайы бағдарлама көпшілікке таныстырылды. Жоба атауы – «Латын графикасына өтуге байланысты интерактивті үйретуші бағдарламалар жасаудың лингвистикалық негіздері мен мультимедиялық технологиялары». Аталған жобаның бағдарламасында Android, iOS, Windows платформасындағы лингвистикалық сөздік, латын әрпіне автоматты түрде аударма жасайтын арнайы сайт пен дыбыс және бейне материалдарымен сүйемелденген сандық электронды оқулақтар бар. Сонымен қатар, латын графикасын үйрету үшін балаларға арналған ойын бағдарламалары мен мобильді қосымшалар енгізілген. Ғылыми жаңалық орталықта тәжірибеден өтеді. Жаңа заманның жастары өзгермелі уақытта өмір сүруге қабілетті болып қана қоймай, оқиғалар мен үдерістердің ортасында, көш басында болуы тиіс. Бұл терең түйсіне білгенге бәсекелестікке апарар жолдың басы, ұлттық кодымызды көздің қарашығындай сақтаудың негізі. Қазіргі мемлекетімізге ұлтты ұйыстыра алатын, тың бағыттағы рухани ағым керек. Латын әріпін енгізудің басты өзегі де осында жатыр. Сондықтан да жаңа әліпби еліміз үшін қажетті, уақыт талабынан туындап отырған жаңа атрибут, аса маңызды фактор деп санаймын.

– Орталықта бұдан өзге қандай жұмыстар атқырылып жатыр?

– Орталықта жаңа әліпбиді үйретуге байланысты бірқатар жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Мысалы, жақында латын графикасына негізделген әліпбиді үйрететін арнайы курс ашылды. Оқу орнының Біліктілікті жетілдіру орталығының мұрындық болуымен ұйымдастырылып отырған курстың мақсаты – Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында курс қатысушыларына латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін үйретудің оңтайлы технологияларын меңгерту, олардың әліпбиді оқып, үйретуге қатысты теориялық және практикалық білімдерін жетілдіру. Латын графикасын қабылдап болғаннан кейін оны оқыту мәселесі бірінші кезекке қойылды. Қыздар университетінің педагогикалық жоғарғы оқу орны екендігін ескере отырып, өз тарапымыздан биылғы оқу жылынан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және балабақша мен орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауды көздеп отырмыз. Еліміз бойынша латын әліпбиіне өту Білім және ғылым министрлігінің білім берудің барлық деңгейінде 2025 жылға дейін қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру кестесін бекіту туралы бұйрығы негізінде білім беру орындары мен мектептердің бірінші сынып оқушылары жаңа әліпби бойынша 2020 жылдан бастап оқытылмақ. Осыған орай ашылған курсқа Алматы қаласы мен Алматы облысының мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілері, мектепалды даярлық топтарының тәрбиеші-мұғалімдері қатысуда. Бірнеше күнге созылатын курс барысында қатысушылар латын графикасына негізделген қазақ әліпбиімен оқып, оның негізгі өзекті мәселелерімен танысады. Айта кетейін, алғаш рет ұйымдастырылып отырған курсты Қыздар университетінің ғалымдары мен тіл мамандары өткізеді.

– Жақында бұқаралық ақпарат құралдарынан университет ғалымдарынан жасақталған кәсіби-танымдық экспедиция Алматы облысының бірқатар аудандарында болғандығы туралы бұқаралар болған едік. Осы шара жайында айтып өтсеңіз...

– Педагогика ғылымдарының кандидаты Г. Абдрасилова жетекшілік еткен экспедиция мүшелері маусым айының алғашқы күндерінде Кербұлақ, Сарқан, Панфилов, Іле және Жамбыл аудандарын аралады. Кәсіби-танымдық экспедиция барысында университет ғалымдарының жоғары біліктілігі мен ұйымшылдығының арқасында жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде орындалды. Төл тарихымыздың негіздерін ғылыми түрде дәйектеп, мәдени-рухани құндылықтарымызды жаңаша сараптауды мақсат еткен ғалымдар іс-сапар барысында аталған аудандардағы білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнатып, аймақтағы киелі жерлер бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырудың жоспарын түзді. Мектеп оқушыларының ғылымға деген қызығушылығын арттырып, кәсіптік бағдар беріп, осы аймақтардағы «Қазақстанның 100 киелі орындарының» тізіміне кіретін нысандарға әрі көпшілікке беймәлім киелі, қасиетті орындарға экскурсия жасады. Еліміздің қасиетті жерлерін түгендеу, қағазға түсіру тізімдеумен аяқталмайтыны анық. Әлі де ашылмаған, айқындалмаған тарихи нысандар бар. Осы орайда іздеу жұмыстарын ары қарай жалғастыру, аймақтағы тарихи тұлғаларды, киелі орындарды анықтау мақсатында жергілікті тұрғындармен бірлесе зерттеулер ұйымдастыру, сонымен бірге зерттеулер нәтижесін оқулықтарға енгізу алдағы уақыттың еншісінде. Университет ғалымдарының бастамасы Қазақстанның түкпір-түкпірінде осындай экспедициялар ұйымдастыруға үндейді. Мұндай іс-сапаралар жастар арасында патриотизмді насихаттап, ел мен жерді құрметтеуге шақырады.



– 75 жылдық тарихы бар білім мен ғылым ордасы талай жастың талабын шындады. Бүгінде «ұстаз» деген ұлы атты абыроймен алып жүрген қаншама мұғалімге алғашқы баспалдақ болды. Еліміздегі педагог кадрларды даярлайтын іргелі білім ошағының бірі болып саналатын Қыздар университеті болашақта ұстаз боламын деген жастарға есігін тағы да ашты. Осы орайда оқу орнының табалдырығын аттаған аруларға тілегіңізді білдіре кетсеңіз.

– Биылғы жаңа оқу жылының ерекшелігі – университет табалдырығын алғаш аттап отырған аруларымыздың қадамы білім ордасының 75 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отырғаны. Бүгін Қыздар университетінің студенті атанған бойжеткендеріміздің талабы – оң, қадамы құтты болсын! Білім мен ғылымның қара шаңырағы атанған оқу орнында бүгінде алты мыңға жуық білімгер бар. Биыл олардың қатарын 2 мыңға жуық студент, 241 магистрант пен 30 докторант толықтыра түсті. Білім алушылардың 41-і – «Алтын белгі», 44-і – «Үздік аттестат» иегері болса, 13-і – «Үздік диплом» иегері. Қазіргі күнде әлемде төрт мыңнан астам мамандық бар. Соның ішінде ұстаздық қызмет – қандай қоғам, қандай заманауи өзгерістер болмасын, білім беру саласында маңызды рөл атқарып қала бермек. Халқымыздың даңқты перзенті Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың баласы бас қосқан жерде ең қадірлі орын – ұстаздікі» деген дана ой қалдырған. Ұлы ақынның ұлағатты сөзі техника мен технология қарыштап дамыған бүгінгі күнде де өз өміршеңдігін жойған емес. Отандық білім мен ғылымның қара шаңырағы – Қыздар университетінің қабырғасында жастар үшін өмірдің жаңа парақтары ашылғалы отыр. Студенттеріміз оқу орнында алған білімдерін бойға дарыту үшін ерен еңбек етіп, зерек те зейінді, білгір де білікті болатындығына сенімдімін.

– Әңгімеңізге рақмет!



Сұхбаттасқан: Жандар АСАН

*Қазақстан Ленин комсомолы
сыйлығының лауреаты,
Бүкілодақтық және Республикалық
конкурстардың лауреаты, дипломанты
халықтық вокалдық-аспаптық*

*«Айгүл»
ансамблі*

*50
Жыл*





ӨМІРІН НЕРМЕН РНЕКТЕГЕН...

«Айгүл» вокалдық-аспаптық ансамблінің туған күні – 1969 жылдың 8 наурызы. Дәл осы күні өнерпаз қыздардың концертін тамашалаған сол кездегі Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы, ұлттық өнердің жанашыры Өзбекәлі Жәнібеков: «Қазақ қыздарының тұңғыш вокалдық-аспаптық ансамблі өмірге келіпті. Бұл, тіпті, ұлттық өнеріміздегі жағымды құбылыс, жақсы жаңалық екен. Ал жаңа заманда жаңалыққа қол созған қыздар ансамблінің өздеріне сай есімдері болуы тиіс емес пе? Мәселен, «Айгүл» деп атасақ!» – деді. Ансамбль туралы ой қозғағанда, ең алдымен, осы тарихи оқиғаны еске алуымыз жайдан-жай емес. Өйткені, Өзбекәлі Жәнібеков қазақтың «Айгүлмен» келген жаңалығын – даралығын күні бұрын сезіп, өнердегі құбылысқа балады. Ақиқатында, солай боп шықты. Халықтың ұлттық өнерін заманға сай жаңалығымен жарқ еткізіп, сахнаға алып шығуы – «Айгүлдің» ерлігі еді. Ансамбль әр қазақтың жүрегіне, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік ұялатты.

де, елінен де қол үзіп қалған еді. «Көкірегімді кернеп, жүрегімді қарс айырған сағыныш осы екен ғой!» – деп ойлады ол. Қазақ тілі мен қазақ сазы жан-дүниесін елітіп, тамыр-тамырын жайлады. Иә, дәл осы күні Мараттың ой-санасында төңкеріс болды.

Оның ұлттық музыкаға деген ғашықтығы ұлт тарихына, мәдениетіне, тіліне деген құрметін оятты. Бір сөзбен айтсақ, Мәскеуде Марат оқымаған, Марат үңілмеген қазақ жайлы кітап қалмады! Ол ойын ана тілінде еркін жеткізетін дәрежеге жетті. «Елге оралып, халыққа қызмет ету – қасиетті парызым» деген ой оған маза бермеді...

Басқа емес, жұмыстың ыңғайы Қыздар педагогикалық институтынан табылғанын қарашы! Қазақтың вокалдық-аспаптық ансамблін құру – асыл арманы еді, ал мұнда тек қыздар. Уақыт өте келе, Марат мұның керісінше артықшылық екендігін ұғынды. Неге тек қыздардан тұратын ансамбль құрмасқа! Тәрбиесі, жан-дүниесі, болмысы ерек қазақ қыздарынан керемет өнер ұжымын жасауға болады емес пе?!

Іс басталды да кетті, іріктеу сындары өтті. Тек үздік оқитын, парасатына сымбаты, ақылына көркі жарасқан қазақ қыздары таңдалып алынды. Жанарлары жарқылдаған он үш қыз – қазақ қызының «эталонындай» еді.





Бөле-жара айтатын дерек, Қыздар педагогикалық институтында 1968 жылы құрылған «Айгүл» атты вокалдық-квартет (А.Шермұхамбетова, М.Жүнісова, Д.Ерғалиева, Қ.Әжібаева; көркемдік жетекшісі Е.Хасанғалиев), осы аттас ұлт аспаптық оркестрі (көркемдік жетекшісі Бақытжан Байқадамов) және тағы да «Айгүл» атты бишілер тобы (көркемдік жетекшісі Дәурен Абиров) болған. Осы «Айгүлдерді» аты аңызға айналған «Айгүлмен» шатастырып алатындар көп. Өнерде өз қолтаңбасын қалдырған, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, жарты әлемді шарлаған – осы вокалдық-аспаптық «Айгүл».

Есімдері елге жайылған Мәдина Ералиева, Құрманай Әжібаева, Ұлжан Айнақұлова сынды әншілердің өнер жолы да осы ұжымнан бастау алды.

Марат Балтабаев бас болған «Айгүл» ансамбліне Қыздар педагогикалық институтының сол кездегі ректоры, қазақтың қайраткер қызы Күләш Құнантаева шексіз қолдау көрсетті. Бұл ұжым осы бір өнер жанашырының тікелей қамқорлығында болды. Институттың ғана мақтанышы емес, «Айгүлдің» күллі ел мәртебесін өсіретін өнер ұжымы болатындығын Күләш апай ансамбльдің алғашқы қадамдарынан-ақ бағамдаған еді. Сенімі алдаған жоқ. Бұған тарих куә.



Ата тарихтың алдында айтылуы тиіс бір ақиқат бар. «Айгүл» ансамблі алғашқы боп қазақтың көне ұлттық аспаптарын заманауи музыкалық аспаптармен астастырып, сахнаға алып шықты. Тыңдарман жаңа сипаттағы ұлттық әуезді құрметпен қарсы алды. Бұл – сол шақта тыңдарманы сиреген қазақ сазының мәртебесін көтерген құбылыс еді. Жаңашыл сарындағы «Ақбай», «Қайран шешем», «Саржайлау» күйлері мен «Дайдидау», «Алқызыл тас», «Гүлдерайым» әндері сахнаға шыға келгенде, ел шын қуанды.

Марат Балтабаевтың әу бастағы мақсаты мен мүддесі осы болатын. Кеңестік идеологияның шырмауына ілініп, мұражай сөрелеріне қойылған ұлттың «үндерін» тірілту бір күннің шаруасы емес-тін. Бұл іске әлемдік музыканың деңгейі мен дәрежесін саралай отырып, ұлттық музыканың қадір-қасиетін түйсінетін жоғары білікті маманның бел шеше кірісуі – істің нәтижелі болатындығын аңғартты.





Марат Хамитұлы еліміздің білгір музыкатанушыларын бір мүддеге ұйыстырды. «Айгүл» ансамблі көне мұраларымыздың іздеушісі – зерттеуші Болат Сарыбаевтың лабораториясына айналды. Ол арысы – археологиялық қазбалардан табылған, берісі – мұражайларға қойылған аспаптарды қыздардың қолына ұстатты. Шаңқобыз, шертер, асатаяқ, дабыл, үскірік, дауылпаз сынды қасиетті аспаптардың үнін, тарихын, мінезін «айгүлдіктердің» құлағына құйып, қайсыбірін өзі үйретті. Гастрольдік сапарлармен еліміздің шалғай ауылдарына жиі ат басын тірейтін ансамбль жер-жердегі көнекөз қариялардан да көп нәрсе үйренді. Электро-домбырада орындалған күй...

Нәтижесінде, бүкіл қазақ жастары «Айгүлге» еліктеген шақтар келді. Бүгінгі күні жаңалыққа баланып жүрген электро-домбыра мен электроаспаптардың үндестігін сахнаға алғаш шығарған «Айгүл» екендігі айтыла бермейтіні өкінішті-ақ.

Концерттік сапарлардың ауыртпалығы да, қызығы да мол. Ел аралаған «Айгүл» қыздары да талай қиындықты бастан кешірді, бірақ сәтті концерттерден соң бәрі ұмытылатын. «Жан мұрынның ұшына келген» бір оқиға – «жарға іліну» әрбір қыздың есінде. «Тәуекел түбі – жел қайық, өтесің де шығасың» деген сөздің мағынасы қандай терең десеңізші. Жаз кезі-тін. Алтай өңірі Қосағаш ауданына сапар. Белгілі «Чуйский тракт» айналма жолдарының бірінде алдынан «КАМАЗ» шыға қалып, автобус жарға іліне тоқтады. Төменде Катунь өзені буырқанып жатыр. Тәжірибелі жүргізуші ешкімнің отырған орындарынан қозғалмауын жанұшыра сұрады. Қыздар сабыр сақтады, осы арқылы өздерін сақтап қалған еді, әйтпесе, Құдай оның бетін аулақ қылсын, «Пахтакордан» айырылған өзбектер еске түседі. ...Жолаушы машина тартып шығарғанда, қыздар «уһ» деді.

Қиын да қызық өнермен халыққа қызмет етудің үлгісі осы болар, сірә.





«Айгүл» – халықаралық, республикалық жарыстардың бірнеше мәрте жүлдегері. Әрбір жүлде – үлкен еңбектің нәтижесі. Тынымсыз дайындықтар... жаттығулар... мазасыз кештер... концерт алдындағы толқулар... Әйтсе де, қайсыбір жарыста болмасын «Айгүл» өзін биіктен көрсете білді. Лауреат... дипломант... атанды. Қыздардың музыкалық шығарманы орындаудағы шеберлігіне, сахнада өзін ұстау мәдениетіне, ұлттық нақышта тігілген киімдеріне орыстың атақты композиторы А.Пахмутова Новороссийскіде өткен «Красная гвоздика» саяси әндер жарысында (1974) өте жоғары баға берді.

Бұл өнерлі елдің қыздарын бір серпілтіп тастады. Жарыста «Айгүл» Е.Хасанғалиевтің «Ғани», орыстың халық әні «Ой, туманы мои, растуманы» әндерін орындаған еді.

«Айгүл» ансамблі өз кезеңінде Германия, Польша, Франция сынды Европа мемлекеттерінде өнер көрсетті. Европа сапарында ол «Дос-Мұқасан» ансамблімен бір сахнада ән салды. Анығында, француз халқы «Айгүл» өнеріне әбден сүйсінді. Астаналық «Авангард» газеті: «Қазақтың әні неткен әуезді!» деп тамсана жазды. «Қарағым-ай» әнін орындаған Галина Қарамолдаевадан қолтаңба алу үшін тізілген тыңдармандарды айтыңызшы!

Жүздеген француздың бір сәтте бірдей қол шапалақтау арқылы ұлттық қошеметін жеткізгені – қыздардың танданысын тудырған. Әдетте, мұндай әрекетті олар аса көңілдерінен шыққан талант иелеріне ғана көрсетеді екен. «Айгүлдіктер» де тосылып қалған жоқ. Жауап ретінде «Қамажайды» жолдады. Бұл – екі халықтың бір-бірімен үндесуі еді. Осы сәтте сахна сыртында «Айгүлдің» жеңісіне «Дос-Мұқасан да» қол соғып тұрды.

«Қазақтың бір сөзін қалдырыңыздаршы» деп қиылды француздар. Марат Балтабаев бірден «Дөңгелек» сөзін ұсынды. «Өйткені, – дейді ол, – қазақ халқында нан – дөңгелек, киіз үй – дөңгелек, дастархан – дөңгелек, Күн – дөңгелек, Жер – дөңгелек, табак – дөңгелек, тақиямыз – дөңгелек, қазанымыз – дөңгелек, жүрегіміз – дөңгелек, қыздарымыздың жүзі де – дөңгелек». Тапқырлық демей көріңіз! Француздарға «Дөңгелек» сөзі ұнай кетті. Осы бір қасиетті сөз әлі күнге дейін Парижді кезіп жүрген болар!





Қыздар ансамблі ел мен елді жалғап тұрған алтын көпірге айналды. Шынайы өнер шекараларды бұзып-жарып, халықтың жүрегіне қонақтайтынын «Айгүлдің» Жапония сапары растай түсті. Ол шақта Жапония мен Кеңес Одағының қарым-қатынасы достық рәуішке құрылмаған еді. Шындығында, бұл елге Кеңес Одағының партиялық номенклатурадағы адамдары да аттап баса алмайтын шақ болатын. Ынтымаққа деген алғашқы адымды жапон жастары жасады. Жастар ұйымы дүниежүзілік жиын өткізбек.

Қазақ қыздары 1976 жылы Жапонияға баратын бүкілодақтық жастар делегациясының құрамына құрметпен қосылды. Тандаудың неліктен «Айгүлге» түскендігін Кремльдік Орталық артынан былай деп түсіндірді: «Себебі, қазақ қыздары өте ұстамды, өз халқының мәдениетін терең біледі. Тәрбиелі әрі патриоттар. Ешқандай жағдайда да шетелде қалып қоймайды. Ешкімге еліктемейді. Танданыстарын да байқатпайды». Шыны осы.

Жапон сапарына дайындықты Өзбекәлі Жәнібеков пен Лениншіл комсомол жастар одағы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Қуаныш Сұлтанов өз бақылауына алды. Кеңестік делегацияны Токиоға ақын, «Юность» журналының сол кездегі бас редакторы Андрей Дементьев бастап барды. Одақтың ең озық өнерпаздарының қатарында қазақ ансамбліне де сахна төрі ұсынылды. Қазақ қыздары жапондықтардың алдында жапон әнін әуелетті. Халық тік тұрып қошемет көрсетті... «Айгүл» өнері арқылы екі мемлекеттің арасын жақындатып, Фудзияманы бағындырып қайтты.





«Айгүл» ансамблі қазақтың мың ауылы мен ауданын аралады. Одан бөлек, еліміздегі мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралардың ешбірі ансамбльдің қатысуынсыз өткен емес. Мемлекет басшылары қатысқан ірі жиындардың сәнін келтірген де – «Айгүлдің» әндері.

Съездер... Ол шақтың шаттығы – осы съездер еді ғой. Комсомол... Кәсіподақ ұйымдары... Шаштаразшылар... Барлығы дүркіретіп жиын өткізетін. Ал «Айгүл» съездерді съездерге жалғады.



«Айгүлге» қол соққан әлем халқы қазақ халқының музыка өнеріне бас иді. Өз елінің мәртебесін өсіріп, оның өнерінің ешкімнен кем емес екенін дәлелдеген қыздардың еңбегін – жанкештілік деу орынды. Ұлтының өзіне бергенін мәртебе етіп қайырудан асқан ерлік те жоқ шығар.

Халық ансамблі халық атынан өнер көрсетті. «Айгүлдегі» намыс пен жігер, текті тәрбие – оларды кеңестік жүйенің өзі мақтаныш етіп, шетелдерге шығаруына мәжбүр етті. Өнердің құдіреті деген осы!


Ел көзінен тасалау, ұмытылған «Айгүлді» Қыздар педагогикалық институтының алпыс жылдығында ректор Шәмшә Беркімбаева құрметпен еске алды. Республика Сарайында өткен салтанатта ансамбль ел алдына шығып, төрт ән салды. Сол кеште аға буынның арасынан көзіне жас алып, толқымаған ешкім қалмаған шығар! Баяғы «Айгүлдің» аққу қыздары – бүгінгі профессор, докторларға қарап, замандастары «аяқтары әлі де оқтаудай түзу екен» деп әзілдеді.

Күллі қазақ қыздарына үлгі болған, ұлттық өнерді тірілткен ансамбльді ұмыта салу оңай емес. Себебі, ол қазақтың мәңгілік сағынышы.

«Айгүл» оның әнін тыңдаған әр адамның жүрегінде өмір сүреді. Гүлдейді. Оның жеңісі осы!

Мақпал ЖҰМАБАЙ





ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР

Сөзі: Т.Молдағалиев

Музыкасы: М.Балтабаев

*Айгүл деген жалын гүлдер біз боламыз,
Арман үшін аялады бізді анамыз.
Бізден әсем, бізден сұлу қыздар бар ма,
«Бар» – десеңдер қызғанамыз.*

*Беу, қыздар-ай!
Беу, қыздар-ай!
Беу, қыздар-ай!
Беу, қыздар-ай!*

*Айгүл деген әнші қызды ұмытпашы,
Өрге қарай домаласын үміт тасы.
Алдыңа кеп ән салғанда, асыл құрбым,
Ақ жүзіңді суытпашы.*

*Тек қана қыздар!
Тек қана қыздар!
Тек қана қыздар!
Тек қана қыздар!*

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН «АЙГҮЛ»

Өзіндік орындаушылық шеберлігімен, ерекше талғампаздығымен танылған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамбліне 50 жыл толды.

Өнер ұжымы 1969 жылғы 8-наурызда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының жанынан ашылды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ансамбль репертуарымен танысып, алғашқы квартетке ат қою керек екенін алға тартады. Сол тұста бұл квартеттің орындауында «Алақай», «Сатушы қыз», «Студенттердің қоштасу әні» сынды Ескендір Хасанғалиевтің және Әсет Бейсеуовтің әндері тыңдармандарға ұсынылып жүрген болатын. Топтың орындаушылық шеберлігіне тәнті болған Ө.Жәнібеков «өзі айдай жарқырап, гүлдей жайнаса, нұр үстіне нұр болмас па?» деп өнер ұжымына «Айгүл» атауын берген.

Өнер ұжымы кейіннен Марат Балтабаевтың жетекшілігімен «Айгүл» вокалды-аспаптық ансамблі болып қайта жанданды. Алғашқы қадамынан-ақ халық сүйіспеншілігіне бөленген топтың ұлт өнерінің дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өнші-сазгер Ескендір Хасанғалиевтың жетекшілік етуімен құрылған квартет дүниенің түкпір-түкпірін аралап, еліміздің абыройын асқақтатқан болатын. Бұл – «Айгүлдің» «алтын дәуірі» еді. Осы сәттен өнер ұжымының шығармашылық шарықтауы мен дүниежүзілік гастролі басталған болатын. Ансамбль Ленин комсомолы сыйлығына ие болып, «Халықтың шығармашыл ұжымы» атағына ие болды және «Алло, біз таланттарды іздейміз» Бүкілодақтық телеарна байқауының лауреаты атанды.

70-ші жылдары «Айгүлдің» аруларының есімі Кеңес Одағына кеңінен таралды. Домбыра, қобыз, асатаяқ, шертерді бас, ритм, соло гитара сынды аспаптарға қосумен ерекшеленген топ ГДР, Югославия, Польша, Франция, Жапония, Египет, Моңғолия сынды елдердің сахналарында өнер көрсетеді.

«Айгүл» вокалды-аспаптық квартетінің құрамында алғашында Ағайша Исағұлова, Құрманай Омарова, Марфуға Жүнісова, Гүлнар Бегалиева, Дина Ерғалиева, Жібек Оспанова өнер көрсетсе, вокалды-аспаптық ансамбліңде Сақыпжамал Ұзақбаева, Меңсұлу Жексембекова, Ақмарал Артыкова, Зәуреш Әлібекова, Гүлзада Бехтеолова, Айгерім Дайырбаева, Қарлығаш Нұртазина, Роза Ерназарова-Алисова және Галина Қарамолдаева сынды өнерпаздар болды. Ансамбль мүшелерінің барлығына ҚР Мәдениет қайраткері атағы берілді. Әрқайсысы қазір ардақты ана, аяулы жар, асыл әжеге айналған.

Қыздар университетінің 70 жылдық мерейтойына тарту ретінде «Айгүл» вокалды-аспаптық ансамблінің «Қазақтың ару қыздары» атты ән жинағы жарық көрді. Оған ансамбль репертуарындағы қазақ композиторларының 9 әні кірген. Олардың қатарында «Қазақтың ару қыздары», «Үшқоңыр», «Тек қана қыздар», «Ардақты ұстаз», «Толағай», «Су тасушы қыз», «Жетісу» және «Өз елім» сынды танымал әндер мен Нұртуғанның «Қанеки, тілім сөйлеші» атты термесі бар.

Ансамбль 2009 жылы «Алтын дауыс» фестивалінің, 2010 жылы Түркияның Адана қаласында өткен «Түркі әлемі» фестивалінің лауреаты атанса, 2011 жылы «Алтын микрофон» конкурсының және «Nauryz jam» жастар фестивалінің жүлдегері атанды.



Қазіргі күнде «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамблінің құрамы қайта жаңартылып, репертуары жаңа әндермен толықтырылды. Ұлттық сарынды сақтай отырып, заманға лайық дүние жасау – бүгінгі «айгүлдіктердің» басты мақсаты. Жаңа құрам екі жыл ішінде қазақ, түрік, ағылшын тіліндегі жаңа әндерді репертуарына енгізді. Биылғы жылдың қазан айында Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы аясында өткен «Түркі әлемі» фестивалінде жанды дауыста ән шырқап, жиын қатысушыларының қызығушылығын тудырды. Университет ректоры Гаухар Алдамбергенова жарты ғасырлық тарихы бар ұжымға әрдайым қолдау көрсетіп келеді.

– Жаңа ақпараттық қоғамның өркениетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгерісті жағдайға тез бейімделгіш, өзге елдердегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі қоғамның талабы. Осы орайда «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамблі де бәсекеге қабілетті, заман талабына сай ұжымдардың бірі деп айтуға болады. Өйткені елу жыл халық жадында жүрген ұжымның халыққа, жастарға берері әлі де көп. Қыздардың музыкаға деген сүйіспеншілігі, аспаптарда шебер ойнауы, қазақ өнеріне деген махаббаты ерекше. Дайындық барысында олардың құлшынысына қарап, өзім жетекшілік ететініме қуанамын. Аруларымыз өте биязы, инабатты, сыпайы. Бұл – бір жағынан қыздардың отбасында көрген тәрбиелері болса, екінші жағынан қыздар университетінің қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіндігінің дәлелі, – дейді ансамбльдің көркемдік жетекшісі Талғат Темірғалиев.

Ия, әсем ән мәнерімен, сахнадағы өзіндік бітім-болмысымен, ерекше дауысымен көзге түскен «Айгүл» ансамблі жастарды өнерге, жан-жақтылыққа, сұлулыққа, музыканы сүйуге тәрбиелейтіні сөзсіз. Топтың жеке әншісі Ақтоты Төлеуғалиева Өнер және мәдениет факультетінің белсенді студенті. Ол өз ойын былайша сабақтайды: «Аты аңызға айналған ансамбльдің бүгінгі мүшесі ретінде, ұжымның ошағын сөндірмей, керісінше жандандырып, жаңаша қырынан көрсетуді мақсат тұтамын. Мұндай тарихы терең ұжымның мүшесі болудың өзі үлкен жетістік. Сондықтан да ұжымда өнер көрсету мен үшін үлкен маңызға ие». Ал гитарашы Меруерт қазіргі таңда университетте магистратурада білімін жалғастыруда.

– Мен топ құрамына 2014 жылы кастинг арқылы қабылдандым. «Айгүл» ансамблімен бірге үлкен белестерді бағындырғым келеді. Ұжым құрамында өнер көрсете түсу үшін магистратурада білімімді жалғастырудамын. Өйткені, мен үшін «Айгүл» үлкен маңызға ие, – деп өз ойымен бөлісті Меруерт.

Ансамбльдің синтезатор аспабында ойнайтын Бақыт ансамбльдің өркендеуіне өз үлесін қосқысы келетінін алға тартады.

– Есімдері «Айгүлдің» тарихында қалған Галина Қарамолдаева, Сақыпжамал Ұзақбаева апаларымыз сияқты мен де ансамбль тарихында қалғанымды қалаймын. Екінші курста оқып жүрсем де, ансамбльдің дайындығына бару, концерттерге қатысу еш қиындық тудырмайды, – дейді Бақыт.





Уақыт талабына сай жанданып өзіндік өрнегін қалыптастырып келе жатқан «Айгүл» вокалды-аспапты ансамбліне биыл 50 жыл толып отыр. Бұл өткенге көз тастап, тарихты зерделейтін уақыт. Өнер ұжымының жарты ғасырлық мерейтойына және Қыздар университетінің 75 жылдығына орай ансамбль Арман Бексұлтанның «Қазақтың ару қыздары» атты әніне бейнебаян түсіруді жоспарлап отыр. Бүгінде «айгүлдіктер» аталған ауқымды шараларды жоғары деңгейде атап өту үшін қызу дайындық үстінде.

А
И
Г
У
Л





Әсем ән мәнерімен, сахнадағы өзіндік бітім-болмысымен, ерекше даусымен көзге түскен қазақ аруларынан құралған алғашқы топ «Айгүл» вокалды-аспаптық ансамблін білмейтін жан кемде-кем. Алғашқы қадамынан-ақ халық сүйіспеншілігіне бөленген топтың ұлт өнерінің дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Әндері классикаға айналды. Әнші-сазгер Ескендір Хасанғалиевтың жетекшілік етуімен құрылған квартет дүниенің түкпір-түкпірін аралап, еліміздің абыройын асқақтатқан болатын.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан жастарының жетекшісі болған Өзбекәлі Жәнібеков ансамбль репертуарымен танысып, алғашқы квартетке ат қою керек екенін айтты. Сол тұста бұл квартеттің орындауында «Алақай», «Сатушы қыз», «Студенттердің қоштасу әні» сынды Ескендір ағаның және Әсет Бейсеуовтің «Ақ сәуле» атты әндері шырқалып жүргентін.

Осындай әсем әндерге көңілі толған Өзбекәлі Жәнібеков «өзі айдай жарқырап, гүлдей жайнаса, нұр үстіне нұр болмас па?» деп «Айгүл» атандырған екен. Ансамбльдің 5 наурыз күні Қазақтың Жамбыл атындағы филармониясында 8 наурыз мерекесіне арналған кеште дебюттік концерт қоятындарын айтып, арқаларынан қағып шығарып салады. Сол кеште көрермен көңілінен шығарлық тамаша концерт берген квартетті халық қуана қабылдайды. Сонымен, 1968 жылдың 8 наурызы «Айгүл» халық ансамблінің дүниеге келген күні болып, тарих беттеріне алтын әріптермен жазылды. Кейіннен Марат Хамитұлы Балтабаевтың жетекшілігімен «Айгүл» вокалдық-аспаптық ансамблі (ВИА) болып қайта жанданды.

Осы сәттен «Айгүлдің» шығармашылық шарықтауы мен дүниежүзілік гастролі басталған болатын. «Айгүл» ансамблі дүниеге келгелі әр-әр жерде Айгүл есімді арулар көбейді. Әрі көптеген ансамбльдер бой көтере бастады. Алматыда «Дос-Мұқасан», «Гүлдер», Қызылордада «Сыр сұлуы», «Нұргүл», Атырауда «Жайық қызы», «Қаракөз», Талдықорғанда «Жетісу», Жамбылда «Алатау» және тағы да басқа топтар құрыла бастады. Десе де, «Айгүлдің» орны ерекше. Себебі ұлттық сарынды сақтай отырып, заманға лайық дүние жасау ол кездері қиын еді. Ансамбль Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1977-1978), «Халықтың шығармашыл ұжымы» атағына ие болды (1975), «Алло, біз таланттарды іздейміз» Бүкілодақтық телеарна байқауының лауреаты (1969). 70-ші жылдары қыздардың есімдері Кеңес Одағына кеңінен таралды. Домбыра, қобыз, асатаяқ, шертерді бас, ритм, соло гитара сынды аспаптарға қосумен ерекшеленген топ ГДР, Югославия, Польша, Франция, Жапония, Египет, Моңғолия сынды елдердің сахналарында өнер көрсетеді.

Бір кездері аты дүркіреп шыққан «Айгүл» вокалды-аспаптық квартетінде алғашында Ағайша Исағұлова, Құрманай Омарова, Марфуға Жүнісова, Гүлнар Бегалиева, Дина Ерғалиева, Жібек Оспанова өнер көрсетсе, вокалды-аспаптық ансамбліңде Сақыпжамал Ұзақбаева, Меңсұлу Жексембекова, Ақмарал Артыкова, Зәуреш Әлібекова, Гүлзада Бехтеолова, Айгерім Дайырбаева, Қарлығаш Мұртазина, Роза Ерназарова-Алисова, Галина Қарамолдаевалар болды. Ансамбль мүшелерінің барлығына ҚР Мәдениет қайраткері атағы берілді. Әрқайсысы қазір ардақты ана, аяулы жар, асыл әжеге айналған. Бүгінде Ағайша Исағұлова – профессор, әнші-композитор, Дина Ерғалиева, Гүлнар Бегалиева – ғылым кандидаттары. Сақыпжамал Ұзақбаева, Меңсұлу Жексембекова – педагогика ғылымының докторлары, Марфуға Жүнісова – халыққа білім беру саласының үздігі, Қарлығаш Мұртазина – «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері. Ансамбльдің мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Сақыпжамал Ұзақбаева «Айгүлдегі» қыздардың мақсаты да, мүддесі де бір болғанын жасырмады. «Біз қазақ әндері мен күйлерін бүкіл Кеңес Одағы мен шетелдер тындаса деп тіледік. Гитара, барабан, синтезатор сынды аспаптарда ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпайтындай етіп, сол заманға лайық әуендерді ойнадық» дей келе, қазақ өнерін таныту басты ойлары болғанын айтты.

Ансамбльдің алғашқы құрамындағы мүшесі, профессор, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясы «Театр өнері» факультеті жеке ән салу кафедрасының доценті Галина Қарамолдаева топтың құрылған жылдары мен алғашқы гастрольдерді сағынышпен еске алады. «Мен мандолина аспабында ойнайтынмын. Мен оқуға түскен жылы Мәскеуден Марат Балтабаев деген жас маман оқу бітіріп келді. Қыздардан жаңа ансамбль құру қажет деген оймен топқа іріктеу басталғанда, мен гитара ойнайтын болып бекітілдім. Сонымен топ құрамында студент Жібек Оспанова фортепьянода ойнаса, оқуды бітіріп, ұстаздық етіп жүрген апайларымыз Ағайша Исағұлова соқпалы аспаптарда, Дина Ерғалиева саксофонда, Марфуға Жүнісова контрабаста ойнайтын болып, алғаш вокалды-аспапты ансамбль болып құрылды. Алғашқы құрам жеке квартет болып шыққан соң, кейінгі құраммен 13 жыл бойы бірге ойнадық. Студенттік топ болғасын құрамы жаңарып отырды. Десе де, 5-6 жыл топпен бірге толық өнер көрсеткендер қатарында Сақыпжамал Ұзақбаева, Меңсұлу Жексембаева, Ақмарал Артыкова, Әйгерім Дайырбаева, Гүлзада Бехтеолова, Қарлығаш Мұртазина, Роза Ерназаровалар болды. Құрылған күннен бастап, еліміздің түкпір-түкпіріне гастрольдік сапарларға шықтық. Есіме Арқалыққа қаңтар айында барған сапарымыз оралады. Саршұнақ аяз, қар қалың. Тіпті қардың қалыңдығынан үйлер көрінбейді. Ауыл клубында халық жиналып бізді күтіп отыр. Ал біз жете алмай келеміз. Алдымыздан трактор жол ашып келеді.

Көлікпен артынан жүріп отырдық. Бір кездері трактор да бораннан жүре алмай қалды. Артқа қайта алмаймыз. Себебі қанша кешіксек те халық күтіп отыр екен. Арқалықтың маңындағы ауылға осылайша таңғы сегізде шығып, кешкі 11-де жеттік. Қанша шаршасақта, халықтың ыстық ықыласы көңілімізді көтерді. Концертіміз аяқталды. Бірақ соқпалы аспаптарда ойнайтын Зәуреш Алибекованың дене қызуы көтеріліп кетті. Ең қызығы, келесі күні Қарағандыда концерт болды. Ауырған халінде сыр білдірмей, концертте ойнап шыққаны ерлік еді. Бізде сол кездері халық алдындағы жауапкершілік, халықтың ниеті шыдамдылыққа тәрбиеледі» дейді Г.Қарамолдаева. Қыздар ансамблі болғандықтан аспаптардың бәрін көтеріп жүру оңай емес екенін айтқан Галина Жұмабекқызы Жапониядағы гастрольді ерекше сезіммен еске алды. Себебі бұл сапар елдердің достастығы аясында мәдени байланыс орнату хақында болды. Жапония халқы қазақ қыздарының өнеріне тәнті болған екен.

Ақмарал Артыкова да гастрольдік сапарлардың ұлттық өнерімізді шетелде таныстыруда рөлі үлкен болғанын баса айтты. «1971 жылы Польшаға, 1972 жылы Францияға гастрольмен шықтық. Бәрінен де Еуропа жұртшылығы бір топ құрамында осыншама аспаптар мен әсем дауысты әншілердің жиналғанына қызыға қарады. Белгілі профессор Болат Сарыбаевпен бірлесе көп жұмыс істедік. Осылайша шаңқобыз аспабын жаңғыртып, оны сахнаға шығарған алғашқылардың бірі болдық. «Ақбай» деген туындымызды халық ерекше қабылдады. Себебі біз бұл туындыны қайта өңдеп, сахнаға жаңа серпінмен шығардық. Ал 1970 жылы «Гүлдерайым» атты халық әнін алғаш рет орындадық. Осылайша өнерде үлкен қадамдар жасадық» деді ол. Расында, ұлттық нақыш «Айгүлдің» барлық туындыларынан көрініс табатын. Көйлектерінен бастап, репертуарына дейін.

Өзінің сыңғырлаған даусымен көзге түскен топтың мүшесі Қарлығаш Мұртазина «Айгүлде» өнер көрсету кез келген бойжеткен үшін қол жетпес арман екенін айтты. «Мен Семей өңірінің қызымын. Әкем Абайдың шәкірті





Көпбайдың немересі. Бала күнімнен өнерге баулыған да әкем. Әкем ең алғаш пластинка сатып алып, халық әндерінен бөлек қаншама шетел әндерін үйренгенмін. Мектеп бітіріп, оқуға тапсырар кезімде ЖенПИ-де оқитын әпкем Қаламқас мені «Айгүл» ансамбліне барып, өнерімді көрсетуді сұрады. Мен бағымды сынап көрейін дедім. Бірақ іштей қорқыныш сезімі биледі. Себебі, мен жаңа ғана мектеп бітірген 17 жастағы түлекпін. Ал «Айгүл» бүкіл Кеңес Одағына аты дүркіреп шыққан топ еді. Жетекшісі Марат Балтабаев айтқан әндерімді сүйсіне тыңдап отырып, бір сағат та өте шығыпты. «Тағы не білесің?» деп қайта-қайта сұрай берді. Французша, ағылшынша, үндіше айтқан әндерімді тыңдап отырып, «ертең гастрольге шығамыз, кеттік» дегенде не айтарымды білмедім. Осылайша мен топқа қабылдандым» деп сол шақтарды ыстық сезіммен еске алды Қ.Мұртазина. Десе де, топқа қабылдану үшін, мектеп үлгерімі, тәртібі міндетті түрде өте жақсы болуы керек екен. Тіпті қанша концерттерге қатысса да, сабақтан босатылу деген болмапты. Ал Жапонияға барған гастрольдері ұмытылмас естеліктер қалдырғанын, жапондықтар қазақ қыздарын туысындай көріп, ұлттық аспаптарға, музыкаға сүйсіне қараған екен. «Жапония телеарнасында сұхбат берген күнімізден бастап, телевидениеге деген қызығушылығым оянды. Мүмкін, сол сапардың өмір жолын таңдауыма, телевидениеге келуіме әсері болған да шығар» деп Қ.Мұртазина қысқа қайырды.

Топтың тағы бір мүшесі Меңсұлу Жексембековамен тілдескенімізде, «Айгүлде» өнер көрсету кез-келгеннің еншісіне бұйыра бермейтін бақыт екенін ұғындық. Саратов қаласынан арман қуып, ЖенПИ-ге оқуға келген ол «Айгүл» сынды топта бой көрсетем деп ойламапты. «Кларнетте ойнайтынмын. Топқа іріктеуден өтіп, саксофонда ойнайтын болдым. Жастық

шағымыз осындай керемет «Айгүл» ансамблімен өткеніне қуаныштымын. Қаншама ел мен жерді аралап, өнер көрсеттік. Әр концерттен кейін өнерге деген сүйіспеншілігің арта түсетіні рас екен. Бізді біріктірген де осы – өнерге деген махаббат деп білемін» деп ішкі сырымен бөлісті. Қазір Абай атындағы Қаз ҰПУ-да музыкалық білім және хореография кафедрасының меңгерушісі ол «Айгүлдің» өмір жолын таңдауда үлкен септігі болғанын мақтанышпен айтады. Ал топқа еңбегі сіңген тағы бір мүшесі Роза Ерназарова «Айгүлдің» Қыздар университетінің 60 жылдығына орай бас қосып, қайта сахнаға шыққан сәттерін тарқатты. «2004 жылы ол кезде ҚазМемҚызПУ ректоры Шәмша Беркімбаева университет мерейтойына орай алғашқы «Айгүл» қайта жанданып, сахнаға шықса деген ойын айтып, барлығымызды шақыртып тапсырма берді. Барлық аспаптарды әкеліп, көйлектерімізді де тігіп берді. Тобымыздың жетекшісі Сақыпжамал Ұзақбаева барлығымызды жинап, осылайша аспаптарымызды қолымызға алып, үлкен дайындыққа кірістік. Көпшілігіміз өнерден алыс кетсек те, айтқан әндерімізді ұмытпаған екенбіз. Керісінше, даусымыз ашылып, бұрынғыдан да әдемі шыққанын байқадық. Сахнаға шыққанымызда ел ду ете қалып, шулап әр әнімізді бізбен бірге айтты. Қанша жыл өтсе де тыңдармандарымыз бізді ұмытпағанына, ерекше ыстық ықыласпен қарсы алғаны үлкен демеу болды» деп, ары қарай ел-елді аралап, гастрольдік сапарларға шыққандарын, одан кейінгі жылдары да аймақтарда концерт бергенін еске алды.

2009 жылы ансамбльдің 40 жылдығына орай топ халықтық ұлттық дәстүрлерді сол заманның жаңалығымен үйлестіріп, қазақ сахнасында жаңа бағыт қалыптастырды. Үлкен концерт берді. Ең қызығы, Сақыпжамал Ұзақбаева бастаған ансамбльдің алғашқы мүшелері мерейтойдан кейін де гастрольдік сапарларға шығып, өнер көрсетті. Қазірдің өзінде арнайы бағдарламамен сахнаға шығуға әзір екендерін жасырмады. Ал бүгін игі дәстүр жалғасын тауып, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің жанынан құрылған жас «Айгүл» вокалдық-аспаптық ансамблі жұмыс істейді. Олар да қазақ және шетел сахнасында өз тәжірибелерін шыңдап жүрген жас буындар. Жас «Айгүл» ансамблі 2000 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында жеткен жетістіктері де аз емес. 2009 жылы «Алтын дауыс» фестивалінің, 2011 жылы «Алтын микрофон» конкурсының және «Nauryz jam» жастар фестивалінің жүлдегерлері атанды. Сондай-ақ 2010 жылы Түркия елінің Адана қаласында өнер көрсетті. Бұл ансамбльде дәстүрді жалғап келе жатқан Меруерт Құрақбай, Бота Ермұрат, Ләззат Ақмурзаева, Мадина Сенгербекова, Март Ербол, Назерке Боранбай, Райхан Қанатқызы сынды жас таланттар өнер көрсетуде. Ансамбльдің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында «Айгүл» вокалдық-аспаптық ансамблінің қазіргі продюсері-көркемдік жетекшісі Ибрагим Дәрібаевпен тілдескен едік.

«Ансамбльді басқарғалы бері «Дос-Мұқасан» ансамблінің концертінде өнер көрсеттік. «Айтуға оңай» бағдарламасының қонағы болдық. Одан кейін филармонияда өткен «Қос жұлдыз» концертіне қатыстық. Мұның барлығы бізге жетістік, қыздарға тәжірибе» деп топтың бүгінгі жетекшісі әр концерттің үлкен тәжірибе екенін баса айтты. Университеттің 70 жылдық мерейтойына орай ректор Динар Жүсіпәліқызының қолдауымен «Қазақтың ару қыздары» атты ән жинағы жарық көрген екен. Ән жинаққа қазақ композиторларының 9 әні кірген. «Қайда барсақ та «Айгүлдің» жаңа толқыны деп бізді жылы шырай танытып қарсы алады» дейді жас өнерпаз Назерке Боранбай. Күні кеше ғана университет ректоры Динар Нөкетаеваның қолдауымен «Айгүл» мүшелері Бакуде өткен мәдени іс-шараға қатысып, жүлдемен оралған екен. Жаңа дәуір үрдісімен жанданып, жас өрендермен өзіндік бет-келбетін қалыптастырып келе жатқан ансамбльдің алдағы уақытта әлі де ел игілігі үшін атқарар қызметі көп болады деп сенеміз.

БҮГІНГІ «АЙГУЛ»



*Құриетті ханындар,
қыбатты арулар,
қадірлі әріптестер, аяуы асыл жандар!*

Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі — 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Ана қуанышы, әйел қуанышы — әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Біздің қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Баршаңызға мереке қайырлы, құтты болсын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілейміз. Өмірдегі әйел жаққан шырақ сөнбесін!

Сондай-ақ, ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті — 22 Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Барлық игілікті істер табыспен аяқталып, жемісті еңбек тек қуаныш әкелсін!

*Ізгі ниетпен,
Медиа департаментінің ұжымы*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әділхан ШОРАБЕК

Медиа департаментінің директоры

Жандар АСАН

Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы

БАС РЕДАКТОР

Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

КӨРКЕМДІК РЕДАКТОР

Гульчахра ЖЕКЕМБИЕВА

ФОТОТІЛШІ

Дәурен АБДИЛДИНОВ

Редакцияның мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99 үй

Медиа департаменті, 1 қабат, 111 бөлме

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 05, +7 (775) 628 28 48

E-mail: qyzgumyr@gmail.com

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Ақпарат комитеті» Мемлекеттік мекемесінде есепке қойылып, 2018 жылдың 03 наурызында №16970-Ж қайта тіркеу куәлігі берілген.

Журнал редакциялық-баспа бөлімінде басылды.

Баспаның мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116 үй

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 33

Журнал 2013 жылдың наурыз айынан бастап шығады.

Басуға қол қойылған күні: 07.03.2019 ж.

Түрлі-түсті басылым, қалпы

Пішімі 60x84 1/8

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Өріп түрі «Times New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 6

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 195